

**Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 444/67-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қарашада № 8122 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 80/12-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 27.11.2023 № 80/12-8 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 - бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Ибраев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Целиноград ауданының әкімі*

Целиноград аудандық мәслихатының  
2020 жылғы "28" қазандағы  
№444/67-6 шешімінде  
қосымша

**Целиноград ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 13.05.2022 № 143/24-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 17.11.2022 № 192/35-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) қаулысына сәйкес әзірленді және Целиноград ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұғым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге отініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірде қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) отінішін қарау бойынша Целиноград ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін

мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) атаулы күндер – жалпыхалықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірдегі қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – "Целиноград ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін қала, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің шешімдерімен құрылған комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Целиноград ауданының аумағында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

4. Осы қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндері мен атаулы күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсіндіріледі.

Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 17.11.2022 № 192/35-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**2-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

6. Мерекелік күндерге және атаулы күндерге әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) Женіс күні - 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, бір рет - 1000000 (миллион) теңге;

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарына, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарға, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға, бір рет - 60000 (алпыс мың) теңге;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, бір рет - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш ;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, бір рет - 100000 (жұз мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, бір рет - 30000 (отыз мың) теңге;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, бір рет - 30000 (отыз мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), бір рет - 30000 (отыз мың) теңге;

Ауғанстаннан басқа, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, бір рет - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш;

бейбіт уақытта әскери қызметтің өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына, бір рет - 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш.

2) Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15-ақпан: басқа мемлекеттердің аумағында,

атап айтқанда Ауғанстан аумағында соғыс ардагерлеріне, бір рет - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш;

3) 31 мамыр- саяси құғын-сүргіндер құрбандарын еске алу күніне: саяси құғын-сүргіндерден зардал шеккен адамдарға, бір рет -2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

4) 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні: Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарға, бір рет -10 (он) айлық есептік көрсеткіш;

5) 1 қазан - Қарттар қүні: ең төмен және төмен зейнетақы алатын зейнеткерлерге және барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адамдарға, бір рет – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органдының келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

**Ескеरту. 6-тармақ жана редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 17.11.2022 № 192/35-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. Әлеуметтік көмек өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындау үшін өтініш бойынша өмірлік қызын жағдайға тап болған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) тексеру актісінің негізінде, участекілік комиссияның қорытындысы бойынша көрсетіледі:

1) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккен азаматтарға (отбасыларға) өмірлік қызын жағдай туындаған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей, бір рет – 70 (жетпіс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) өмірлік қызын жағдайда, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың, айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған азаматтарға (отбасыларға):

қатерлі ісіктері бар, стационар және амбулаториялық жағдайда арнайы емдеуден өтіп жатқан азаматтарға жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, бір рет – 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған ауруы бар азаматтарға жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, бір рет - 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

диспансерлік есепте тұрған адамның иммун тапшылығы вирусы туындаған жүқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне әлеуметтік көмек ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысты есепке

алмай тағайындалады, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің - 2 (екі) еселенген мөлшерінде;

туберкулез ауруы бар, амбулаториялық емделуде жүрген азаматтарға, ай сайын – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) өмірлік қызын жағдайдаға тап болған мұқтаж азаматтарға (отбасыларға) жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, бір рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мынадай негіздер бойынша:

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;

пробация қызметінің есебінде болуы;

4) табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтылған азаматтарға (отбасыларға), бір рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) ауылдық елді мекендерде тұратын табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылардың колледждерде ақы төлеу негізінде күндізгі оқу формасы бойынша оқытын студенттеріне оқуын төлеуге арналған білім беру мекемесімен жасасқан келісім шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі, оқу орнынан берілген анықтама, көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжатының көшірмесі, төлем туралы түбіртектер негізінде жылдық оқу құнының жүз пайыздық мөлшерінде;

6) ауылдық елді мекендерде тұратын табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылардың жоғары медициналық оқу орындарында ақы төлеу негізінде күндізгі оқу формасы бойынша оқытын студенттеріне оқуын төлеуге арналған уәкілетті орган, жоғары медициналық оқу орны және алушының арасында жасалған үш жакты келісім шарттың, оқу орнынан берілген анықтаманың, көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжатының көшірмесі негізінде жылдық оқу құнының мөлшерінде;

7) санаторлық-курорттық емделуге бір рет Қазақстан Республикасының шегінде шығындарды өтеу, мұқтаж азаматтардың мынадай санаттарына көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – жан басына шаққандағы орташа табысын есептемегендеге, санаторлық-курорттық емделуге шығындарды 100 % өтеу;

мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7 – бабында айқындалған еңбек ардагерлеріне- жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмай, алатын зейнетақы мөлшерінің 25 % төлей отырып;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналарына және екінші рет некеге тұрмажан жесірлеріне;

екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына)- жан басына шаққандағы орташа табысын есепке алмай, алатын зейнетақы мөлшерінің 25 % төлей отырып;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайдына) - жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, алатын зейнетақы мөлшерінің 25 % төлей отырып;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстая орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарына – жан басына шаққандағы орташа табысын есептемегендегі, алатын зейнетақы мөлшерінің 25 % төлей отырып;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін " медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға – жан басына шаққандағы орташа табысын есепке алмай, алатын зейнетақы мөлшерінің 25 % төлей отырып;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмай, 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 17.11.2022 № 192/35-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына уәкілетті ұйымның тізімдері негізінде өтініш бермей, бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі:

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстая

орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарына-коммуналдық қызметтер шығындарын өтеуге;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының күші қолданылатын басқа да адамдарға, еңбек ардагерлеріне, жасы бойынша зейнеткерлерге, барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адамдарға, төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға - қала маңындағы жолаушылар көлігінің маршруттарында жол жүру ақысын төлеуге арналған шығыстарды өтеу түрінде.".

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 17.11.2022 № 192/35-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

10. Мереке күндеріне және атаулы күндерге әлеуметтік көмек алушылардан етініштер талап етілмей уәкілетті ұйым не өзге де ұйымдар ұсынған бекітілген тізім бойынша көрсетіледі.

11. Арнайы комиссия құжаттар келіп тұсken күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

12. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Целиноград ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

13. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті тұрларіне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

### **3-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

14. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Целиноград ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық - әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

15. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтарылуға жатады.

#### **4-тaraу. Қорытынды ереже**

16. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК